



БҰЙРЫҚ

2017ж 9 маусым
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *157*
город Астана

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамының 2016 жылға
жылдық қаржылық есептілігін бекіту
және таза табысын бөлу туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және 178-бабының 3-тармағына, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің 2017 жылғы 19 сәуірдегі № 12 және 2017 жылғы 24 мамырдағы № 13 хаттамаларына, «UNY SARA Consulting» ЖШС тәуелсіз аудиторының есебіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2017 жылғы 2 маусымдағы № КГИП-5-4767-КГИП-2002 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының жылдық қаржылық есептілігі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының 2016 жылдың қорытындысы бойынша алынған 7 610 672,97 теңге (жеті миллион алты жүз он мың алты жүз жетпіс екі теңге) 97 тиын мөлшеріндегі таза табысы төмендегідей бөлінсін:

3 805 336,49 теңге (үш миллион сегіз жүз бес мың үш жүз отыз алты теңге) 49 тиын сомасындағы 50 (елу) пайызы «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеу үшін республикалық бюджет кірісіне жіберілсін;

3 805 336,49 теңге (үш миллион сегіз жүз бес мың үш жүз отыз алты теңге) 49 тиын сомасындағы 50 (елу) пайызы «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының иелігінде қалдырылсын.

3. 2016 жылдың қорытындысы бойынша «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 59 теңге (елу тоғыз теңге) 55 тиын болып бекітілсін.

